

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 32 қаулысы

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

«Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.09.2014 № 1003 қаулысымен;

2) «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 ақпандағы № 103 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 6, 53-құжат):

2 - тармақ алынып тасталсын;

3) «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 319 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 36, 485-құжат):

2-тармақтың 1) және 2) тармақшалары алынып тасталсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 23.09.2014 № 1003 қаулысымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
С. Ахметов*

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2013

жылғы

25

қаңтардағы

№ 32

қаулысына

қосымша

Ескерту. Қосымшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.09.2014 № 1003 қаулысымен.